

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Зулфухар ГАИПОВ*	Саяси ғылымдарының докторы, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Мемлекеттік саясат және қоғамдық қатынастар зерттеу орталығының директоры, Астана, Қазақстан, Z-lenger@mail.ru , ORCID ID: 0009-0001-8894-6719
Ергали ЕГЕМБЕРДЫ	Саяси ғылымдарының кандидаты, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан, vergali1977@gmail.com , ORCID ID: 0009-0008-6431-5892
Мейрамкул ИСАЕВА	Психология кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, isaieva1976@list.ru , ORCID ID: 0000-0002-1358-810
Нұрлан КҮНТУОВ	Мемлекеттік басқару докторанты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, Астана, Қазақстан, nurlan.kuntuov@mail.ru , ORCID ID: 0009-0004-6980-2746
Александр МАРИНОВ	Мемлекеттік басқару профессоры, әлеуметтану ғылымдарының PhD, София университеті, София, Болгария, amarinov@phls.uni-sofia.bg , ORCID ID: 0009-0008-4317-3469

Қолжазбаның редакцияға түскен күні:

30/09/2025

Қайта өңделген күні: 15/01/2026

Қабылданған күні: 16/01/2026

DOI: 10.52123/1994-2370-2026-

1634

ӨЖ 323.382

ҒТАХТК 11.15.82

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының саяси мәдениетінің эволюциясы мен қазіргі заманғы трансформациялық процестері жан-жақты талданады. Авторитарлық және демократиялық саяси мәдениеттердің үлгілерін салыстыра отырып, ғылыми тұрғыдан негізделетін қазақстандық саяси мәдениеттің аралас сипатының мәні ашылады. Сонымен қатар, жаһандану, бұқаралық мәдениет пен ұлттық бірегейлік арасындағы өзара байланыс зерттеледі. Қазіргі Қазақстандағы сайлаушылардың саяси белсенділігінің деңгейі, азаматтық қоғам институттарының рөлі және Президенттің саяси реформаларға қатысты ұстанымы қарастырылады. Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасы қоғамының саяси мәдениетінің дамуының өзекті аспектілерін сипаттау болып табылады. Зерттеудің қорытындысы бойынша, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінде, соның ішінде Қазақстан Республикасында да саяси мәдениеттің дамуы бірқатар қиындықтарға тап болатыны анықталды. Негізгі мәселелердің бірі – кеңестік өткеннің мұрасы, ол халықтың патерналистік күтулерін қалыптастырып, азаматтардың саяси белсенділігін төмендетті. Бұл сайлауларға пассивті қатысуға, саяси процестер туралы жеткіліксіз хабардарлыққа және демократиялық институттардың әлсіз дамуына әкеледі. Қазақстан сияқты басқа ТМД елдерінде де азаматтық қоғамның қалыптасуы баяу жүріп жатыр, азаматтар шешім қабылдау процесіне әрдайым белсенді түрде қатыспайды. Соңғы жылдардағы реформалар қарамастан, халық тарапынан мемлекеттік басқару органдарына деген сенім әлі де жоғары емес. Мұның бәрі елдегі саяси мәдениеттің жетілген түрін қалыптастыруға кедергі келтіреді, бұл демократиялық жүйенің тиімді жұмыс істеуі мен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: саяси мәдениет, авторитаризм, демократия, плюрализм, электорат, жаһандану, құқықтық мәдениет, реформалар.

Аннотация. В статье всесторонне анализируются эволюция политической культуры в Республике Казахстан и современные процессы её трансформации. Сравниваются модели авторитарной и демократической политической культуры, научно обосновывается смешанный характер казахстанской политической культуры. Кроме того, исследуется взаимосвязь между глобализацией, массовой культурой и национальной идентичностью. Рассматриваются уровень политической активности электората в современном Казахстане, роль институтов гражданского общества и позиции в отношении политических реформ Президента. Цель исследования – описать актуальные аспекты развития политической культуры общества в Республике

* Хат-хабарларға арналған автор: З.Гаунов, Z-lenger@mail.ru

Казахстан. Был сделан вывод, что развитие политической культуры в странах СНГ, включая Республику Казахстан, сталкивается с рядом проблем. Одной из ключевых является наследие советского прошлого, которое сформировало патерналистские ожидания населения и низкую политическую активность граждан. Это проявляется в пассивном участии избирателей в выборах, недостаточной информированности о политических процессах и слабом уровне развития демократических институтов. В Казахстане, как и в других странах СНГ, пока что медленно формируется гражданское общество, граждане не всегда активно участвуют в принятии решений. Несмотря на реформы последних лет, пока что доверие общества, граждан к органам государственного управления нельзя назвать высоким. Все это и препятствует формированию зрелой политической культуры в стране, способствующей эффективному функционированию демократии и обеспечению прав и свобод граждан.

Ключевые слова: политическая культура, авторитаризм, демократия, плюрализм, электорат, глобализация, правовая культура, реформы.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the evolution of political culture in the Republic of Kazakhstan and contemporary processes of its transformation. It compares models of authoritarian and democratic political cultures, scientifically substantiating the mixed nature of Kazakhstani political culture. Additionally, it investigates the interrelation between globalization, mass culture, and national identity. The study examines the level of electoral political activity in modern Kazakhstan, the role of civil society institutions, and attitudes towards political reforms by the President. The aim of this research is to describe current aspects of the development of societal political culture in the Republic of Kazakhstan. It concludes that the development of political culture in CIS countries, including the Republic of Kazakhstan, faces several challenges. One key issue is the legacy of Soviet past which has shaped paternalistic expectations among citizens and low levels of their political engagement. This manifests itself through passive voter participation in elections, insufficient awareness about political processes, and weak development of democratic institutions. In Kazakhstan, as well as other CIS states, there is still slow formation of civil society where citizens do not always actively participate in decision-making. Despite recent reforms, public trust in state authorities remains relatively low. All these factors hinder the formation of mature political culture that would promote effective functioning of democracy and protection of rights and freedoms of citizens.

Keywords: political culture, authoritarianism, democracy, pluralism, electorate, globalization, legal culture, reforms.

Кіріспе

Саяси мәдениет ұғымын біз саяси жүйеге және оның құрамдас бөліктеріне қатысты, сондай-ақ саяси мінез-құлық үлгілеріне қатысты бағдарлар мен ұстанымдардың жүйесі ретінде қарастырамыз. Г. Алмонд пен С. Верба өз еңбектерінде: «Саяси мәдениет» термині саяси жүйеге және оның әртүрлі құрамдас бөліктеріне қатысты айрықша саяси ұстанымдарды, сонымен қатар жүйедегі жеке адамның өз рөліне қатысты ұстанымдарын білдіреді», – деп атап көрсетеді (Алмонд & Верба, 2020, 122). Саяси мәдениет саяси бағдарлардың жиынтығы ретінде, қатаң айтқанда, тек саяси әлемге де, саяси жүйені қоршаған ортаға (әлеуметтік, мәдени) да толықтай жатпайды. Саяси мәдениет саяси әлем мен оны қоршаған ортаның арасындағы қатынастарды белгілі бір деңгейде дәнекерлей отырып, әлеуметтік қатынастар саласы, мәдени нормалар мен стереотиптер және саяси үдерістер арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді. Сондықтан саяси мәдениетке, мысалы, үстемдік ететін дүниетанымдық бағдарлар мен құндылықтардың ықпал етуі әбден түсінікті. Азаматтардың батыстық немесе шығыстық өркениетке жатуы да маңызды ықпал етуі мүмкін. Адамның дүниедегі орны, адамның белсенділік дәрежесінің қаншалықты қолайлы екендігі жөніндегі әртүрлі түсініктер оның саяси үдерістерге қаншалықты қатысуына, реформаторлық немесе консервативтік ұстанымдардың басым болуына ықпал ете алады. Сонымен қатар дүниетанымдық бағдарлардың өздері саяси мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылмайтынын және тек оған ықпал ететін факторлар ретінде қарастырылуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Саяси мәдениет – белгілі бір қоғамда тарихи қалыптасқан саяси мінез-құлық үлгілері мен құндылықтар жүйесін білдіреді (Алмонд & Верба, 2020, 122). Ол мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін саяси мәдениеттің жаңа типін қалыптастыру жолында ауқымды өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер тек саяси институттар деңгейінде ғана емес, сонымен қатар азаматтардың саяси санасы мен саяси қатысу мәдениетінде де байқалды.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанның саяси мәдениеті тоталитарлық және авторитарлық саяси мәдениеттер арасындағы өтпелі кезеңде қалыптасты. Бұл құбылыс, әрине, бұрынғы тоталитарлық жүйеден қалған мұралардың ықпалымен туындағаны саясаттанушы ғалымдар арасында кеңінен танымал. Қазіргі уақытта Қазақстанның саяси

мәдениетінің авторитарлық үлгіден демократиялық үлгіге қарай өзгергені айқын. Жалпы, саяси жүйелерде авторитарлық және демократиялық саяси мәдениеттердің екі қарама-қарсы үлгісі бар екендігі белгілі. Осыған байланысты, олардың ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрелік (Лузанов, 2023, 53). Авторитарлық-командалық жүйе өзінің ерекшеліктеріне сай саяси сананы қалыптастырады. Мұндай жүйенің негізгі белгілері саяси апатия мен құқықтық нигилизм, саяси-конформизм және саяси-құқықтық фетишизм болып табылады. Сонымен қатар, харизматикалық тұлғаға, яғни патернализмге негізделген қоғамның қалыптасуы, казармалық тәртіпке сүйену және жеке тұлғаның автономиясы мен егемендігінің сақталмауы да авторитарлық жүйенің айқын сипаттамаларына жатады. Бұл ретте, жүйенің аксиологиялық құқықтық оқшаулануы, әлеуметтік белсенділіктің шектелуі және қоғамдағы ресми идеология мен нақты жағдайлардың арасындағы стереотиптік алшақтық та көрініс табады (Иманалиев & Патиев, 2024, 30).

Оған қарама-қарсы, демократиялық қоғамның мәдениетінің ерекшеліктері айқындалған. Демократияның негізі - плюрализм, яғни пікір алуандығы мен әртүрліліктің болуы. Бұл жүйеде саяси биліктің негізгі органдары сайлану арқылы қалыптасады, шешім қабылдауда азшылықтың көпшілікке бағыну принципі ресми түрде мойындалады. Азаматтардың жалпыға бірдей сайлау құқығының болуы, саяси-экономикалық және рухани әртүрліліктің танылуы, сондай-ақ оппозицияны заңды және заңдылыққа сәйкес мойындау демократиялық мәдениеттің маңызды сипаттары болып табылады. Сонымен қатар, қоғамдық-саяси шешімдер қабылдаудағы жариялылық, бастамашылдық пен жауапкершілік, ақиқаттың идеологиялық үстемдігі мен діни толеранттылық демократиялық қоғамның ажырамас элементтері ретінде қабылданады (Иманалиев & Патиев, 2024, 30).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында саяси мәдениеттің теориялық негіздері мен практикалық көріністерін кешенді түрде талдау үшін ой қорыту, салыстырмалы, тарихи, жүйелік, сондай-ақ жалпығылыми талдау мен синтез әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттік шолу

Қазіргі заманғы Қазақстанның саяси мәдениеті күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие. Бұл ерекшелік саяси құндылықтар мен көзқарастардың кең спектрмен, сондай-ақ құндылықтық бағдарлардың әртүрлі полюстерінің болуымен айқындалады. Қазақстандық саяси мәдениетте астаналық және провинциялық электораттың қосалқы мәдениеттері арасындағы елеулі айырмашылықтар байқалады. Сонымен қатар, элиталық және бұқаралық мәдениет арасындағы қарама-қайшылықтар да маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Сайлаушылардың саяси процестерге жоғары деңгейдегі адалдығы мен сенімі қазақстандық саяси мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Қазақстан үшін ерекше мәнге ие мәселе – саяси субмәдениеттердің көптүрлілігі, ол ең алдымен елдің көпұлтты құрамымен тығыз байланысты. Қазақстандағы этно-ұлттық субмәдениеттердің әртүрлілігі 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл жағдай саяси процестер мен саяси мәдениеттің дамуына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Қазіргі қазақстандық саяси мәдениеттің эволюциясын талдауда 2022 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айтылған тұжырымдары ерекше назар аудартады. Мемлекет басшысы өз жолдауында саяси мәдениеттің жаңа үлгісін қалыптастыру қажеттігін атап өтті және бұл процестің негізгі принциптерін айқындады. Президенттің пікірінше, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім мен құрметке негізделген жаңа саяси мәдениет орнату елдің тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады (Жаңа Қазақстан, 2022). Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, саяси және экономикалық салалардағы жасанды монополияларды жою және олардың орнына ашық әрі әділ бәсекені орнату қажет. Бұл қадам қоғамдағы теңдік принциптерін нығайтып, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал ететін шешуші фактор ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекет азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз сақтау мәселесіне баса мән беріп, бұл процесті демократиялық құндылықтарды нығайту тұрғысынан қарастырады. Жолдауда айтылған идеялар саяси мәдениеттің даму бағытын айқындап, оның ашықтық, жауапкершілік және

азаматтық белсенділікке негізделген жаңа сапалық деңгейге өтуін қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетеді. Осылайша, қазіргі қазақстандық саяси мәдениеттің эволюциясы мемлекетті басқарудағы жаңашылдықтар мен қоғамдық келісімнің нығаюы тұрғысынан ерекше мәнге ие (Куанышбаева et al., 2024, 151). Қазақстандық саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына бірқатар маңызды факторлар әсер етеді. Олардың қатарында сыртқы және ішкі жағдайлар, мемлекет және оның институттары, бұқаралық ақпарат құралдары, діни ұйымдар, университеттер және экономикалық топтардың ықпалы бар. Бұл факторлар елдегі саяси процестердің сипатын, азаматтардың саяси өмірге қатысу деңгейін, сондай-ақ қоғамдық құндылықтар мен нормалардың қалыптасуын айқындайды. Саяси мәдениет бір мезетте қалыптаса қоятын, қысқа мерзімге арналған процесс емес. «Демократиялық фасад салу оңай, бірақ авторитарлық саяси мәдениетті жеңу әлдеқайда қиын: бұқараның «темір қолға» деген ностальгиясы, тәртіп, басқарушылардың пассивтілігі, саяси элитаның күш қолдануға, волонтаристік, көбіне иррационалды шешімдерге бейімділігі... Біз әлемді өзгерту үшін өзімізді өзгертуіміз керек» (Назарбаев, 1996, 126).

Нәтижелер

Қазақстандық саяси мәдениет екі негізгі субмәдениетке Қазақстандық саяси мәдениет екі негізгі дәстүрге негізделген: авторитарлық-этатистік және демократиялық. Авторитарлық-этатистік дәстүрлер елдің саяси жүйесіне әсер етіп, мемлекеттік институттардың басымдылығын нығайтуға ықпал етсе, демократиялық құндылықтарға негізделген бағыт қоғамда азаматтық белсенділік пен құқықтар туралы түсініктердің дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, қазақстандық саяси мәдениет фрагментті сипатқа ие, бұл оның көпқырлы табиғатын және әртүрлі субмәдениеттердің (ұлттық, діни, аймақтық) ықпалын көрсетеді. Сонымен қатар, қоғамда көзқарастар мен құндылықтардың плюрализмі байқалады, бұл ұлттық бірегейлік пен діни толеранттылықты күшейтеді. Осыған орай, саяси мәдениеттің маңызды элементтері ретінде патриотизм, коллективизм, діни құндылықтардың әртүрлілігі және плюрализм аталып өтіледі. Бұл ерекшеліктер азаматтардың саяси қатысуы мен белсенділік деңгейіне де айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, президенттік сайлау сияқты елдік деңгейдегі маңызды саяси оқиғалар кезінде азаматтардың белсенділігі айқын байқалса, күнделікті саяси өмірге қатысуы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Бұл құбылыс, бір жағынан, саяси мәдениеттің тарихи дамуының салдары болса, екінші жағынан, азаматтардың саяси институттарға деген сенім деңгейінің өзгеруімен байланысты.

Қорыта айтқанда, қазақстандық саяси мәдениет күрделі және көпқырлы құбылыс болып табылады. Оның дамуы мен эволюциясы қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістермен тығыз байланыста.

Жалпы, қазіргі кездегі саяси мәдениеттегі негізгі беталысқа тоқталсақ: Қазақстан қоғамында мемлекеттің рөліне ерекше маңыз беру үрдісі сақталып келеді. Әлеуметтік өзгерістерге қарамастан, көптеген азаматтар мемлекет тарапынан жеке бастамаларды қолдау мен әрекет күтуді жөн көреді. Патернализм мен клиентелизм сияқты феномендер, бюрократияның саяси рөлінің артуы, әлеуметтік өрлеуді көбінесе мемлекеттік иерархиядағы жоғары позициялармен байланыстыру сияқты құбылыстар кеңінен таралған (Жупикова & Троянская, 2021, 893). Құқықтық мәдениеттің әлсіз деңгейі мен азаматтық қоғам институттарының жеткілікті деңгейде дамымауы да саяси мәдениетке елеулі ықпал етіп отыр. Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы электораттың саяси мәдениеті аралас типке жатады. Мұнда бір жағынан ұтымды ойлау мен белсенділікке негізделген демократиялық үлгі элементтері кездессе, екінші жағынан дәстүрлі және харизматикалық көшбасшылыққа сүйенетін патриархалдық мәдениет белгілері сақталған. Бұл эклектика қоғамда радикалды өзгерістерді қабылдауға белгілі бір кедергілер жасаса да, саяси тұрақтылықтың сақталуына оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар, жаһандану процесі қазақстандық қоғамға елеулі әсер етуде. Батыстық модельдер мен құндылықтар, әсіресе жеке бастамалар мен адам құқықтарының либералды қағидаттары қоғамда белсенді түрде енуде. Алайда, бұл өзгерістер ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге және ұлттық бірегейлікке қауіп төндірмеуі тиіс. Осы тұрғыда, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары мен гуманистік қағидаттары жаһандық мәдениетпен үйлесімді интеграцияланудың маңызды негізін құрайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей қазақстандық саяси мәдениет екі негізгі субмәдениеттен тұрады: авторитарлық-этатистік және демократиялық бағдарланған. Бұдан басқа, ол фрагменттік сипатқа ие, көптеген саяси субмәдениеттердің (оның ішінде ұлттық) болуымен, көзқарастардың плюрализмімен ерекшеленеді. Оған еліміздегі басты екі конфессияның - ислам мен православтық хритсиандықтың негіздерінде жатқан толеранттық пен патриотизм, ұжымдық сияқты құндылықтардың жетекші рөлге ие болуы да әсер етеді. Құндылықтар плюрализмінің менталитеті тән, азаматтардың қалыптасқан саяси бағдарлары, мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы сияқты, саясатқа күнделікті қатысуы әлсіз болатын тағдырлы сайлауға азаматтардың белсенді қатысуы. Қазақстан қоғамында саяси мәдениеттің ерекшеліктері халықтың саяси процестерге тартылу деңгейінің төмендігімен және олардың негізінен материалдық және жеке мәселелерін шешуге басымдық беруімен сипатталады. Қазақстандықтардың саяси-мәдени бағдарлары арасында мемлекеттіліктің маңыздылығын ерекше атап өтуге болады. Қоғамдық саладан біршама оқшауланғанына қарамастан, халықтың айтарлықтай бөлігі мемлекеттік институттардан белсенді іс-әрекет күтуді жалғастыруда, бұл саяси патернализмнің сақталуына ықпал етеді. Саяси жүйеде бюрократияның рөлі артып, саяси қатынастарда патернализм мен клиентелизмнің басымдылығы байқалады. Бұл жағдай азаматтардың әлеуметтік мобильділігінің көбінесе жеке еңбек нәтижесіне емес, мемлекеттік иерархиядағы жоғары лауазымдарға қол жеткізуіне және саясаттағы ықпалын арттыруға тәуелді болуына әкеледі. Осыған байланысты қоғамда әлеуметтік өрлеудің саяси және әкімшілік тетіктері арқылы жүзеге асырылу үрдісі күшейе түсуде. Билік элиталары мен халық арасындағы өркениетті диалогтың болмауы, құқықтық мәдениеттің әлсіздігі және азаматтардың құқықтық санасының жеткілікті деңгейде қалыптаспауы қоғамдық қатынастардың дамуын тежейтін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл жағдай саяси институттардың тиімділігіне, азаматтық қоғамның қалыптасуына және демократиялық құндылықтардың орнығуына кері әсерін тигізеді. Қазақстандық элитаның құқықтық мәдениетінің деңгейі саяси институттардың тұрақтылығына, олардың тиімді қызмет етуіне және құқықтық мемлекеттің қағидаттарын сақтауына тікелей әсер етеді. Бұл элиталар арасындағы мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, әлеуметтік және саяси қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осылайша, құқықтық және саяси мәдениеттің жеткілікті деңгейде дамуы билік құрылымдарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін және қоғамның жалпы саяси даму динамикасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі кездегі қазақстандық электораттың саяси мәдениеті - аралас типке жатады және оны мынадай белгілеріне қарап анықтауға болады:

а) қоғам мен жеке адамның таңдау проблемасын шешуде ұтымды бастауы арқылы белсенділік үлгісіндегі саяси мәдениеттің элементтері бар (олар Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау кезінде өзін сезінді);

б) харизмаға ие және көбінесе қоғамдық пікірде саяси көшбасшылық имиджін қалыптастыратын ақпараттық технологиялар насихаттайтын, көшбасшыға сенімге тән патриархалдық саяси мәдениеттің ықпалы;

в) дәстүр бойынша дауыс беретін сайлаушылардың бір бөлігі авторитарлық үлгідегі саяси мәдениеттің ықпалында болуы (Валиева, 2024, 40).

Саяси мәдениеттің эклектикалығы қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзгерістердің радикалды әдістерінен бас тарту үрдісін бекітуге кедергі келтірген жоқ. Қазақстандықтардың жоғары білім деңгейі, сондай-ақ олардың саяси өмірдегі ұжымдық мінез-құлқы мен бағдарлары азаматтардың саясатқа саналы және сындарлы қатысуына қолайлы алғышарттар қалыптастырады.

Қоғамдық-саяси тәжірибеде демократиялық сайлау институттарының барлық деңгейде орнығуы айқын көрінеді. Бұл процесс құқықтық салада және қоғамдық сана деңгейінде сайлау өткізудің негізгі шарттарын – оның міндеттілігін, алмастырылмайтындығын, өткізу тәртібін, іске асыру тетігін және рәсімдерін бекітуді қамтиды. Мұндай институционалдандыру, бір жағынан,

азаматтық саяси мәдениеттің қалыптасуына шешуші ықпал етсе, екінші жағынан, қазақстандық мемлекеттіліктің жаңғыруын қамтамасыз етеді.

Қазақстандық мемлекеттілікті үдемелі жаңғырту және қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы үшін электораттың осындай саяси мәдениетінің қалыптасуы маңызды фактор болып табылады. Қазақстан электоратының саяси мәдениеті өзінің негізгі көріністерінде саяси шектен шығуларды жоққа шығарып, теңгерімді және ұстамды сипатқа ие. Қоғам әртүрлі мәдени нормаларға, дәстүрлерге және өркениет үлгілеріне негізделуі мүмкін, алайда оның дамуы адами қоғамның барлық типтері үшін ортақ негізгі қызметтік тетіктер мен қағидаттарға сәйкес жүзеге асады. Басқаша айтқанда, қоғам белгілі бір тарихи кезеңде өзіне барынша қолайлы деп санайтын даму моделіне ұмтылады. Бұл ретте негізгі мәселе – жаңа жағдайларға бейімделу механизмдері мен өзгерістердің қарқыны.

Қазіргі кезеңде ұтымды ойлау мен ғылыми зерттеулерге деген ұмтылыс қоғамда тиісті өзгерістер жүргізуге мүмкіндік беріп, нарықтық жағдайларда әлеуметтік прогрестің негізін қалайды. Онымен қоса, жинақталған білім көлемі артып, қоғамдық процестер мен технологиялық прогрестің қарқыны күрт жеделдеуде. Бұл үрдістер болашақта қоғамның бірегейленуінің негізіне айналуы мүмкін, ал қазіргі уақытта байқалып отырған жаһандану процестері осы кең ауқымды өзгерістердің бастапқы кезеңін білдіреді.

Рационализм мен гуманизм қандай да бір жеке тұлға немесе қоғам тарапынан жасалған өнертабыс емес, керісінше, олар қоғамдық дамудың ажырамас серігі болып табылады. Сондықтан оларды Батыс өркениетінің ерекше жетістігі деп қарастыру дұрыс емес. Батыс ең алдымен «қазіргі заманғы жағдайға» жетіп, қоғамның қарқынды даму жолына түсті.

Айта кету керек, біз Батыстың идеясы деп санайтын жеке адамның еркіндігі шын мәнінде әмбебап құндылық болып табылады. Ол әрбір мәдениет пен өркениетке тән сипатқа ие.

Дегенмен, өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы келіспеушіліктердің туындау себептері неде? Бұл тұрғыда ең алдымен өркениеттер арасындағы диалогтың тиімділігін арттыру қажеттілігі туындайды, өйткені көптеген жағдайларда келіспеушіліктер өзге мәдени үлгіні қабылдамауға негізделеді.

Жақын терминдер болғанымен, қоғамды вестернизациялау мен оны жетілдіру ұғымдары мағыналық жағынан ерекшеленеді. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық даму көрсеткіштерінің өсу деңгейімен анықталады. Вестернизация сыртқы мәдени үлгілерді қабылдауды білдірсе, қоғамды жетілдіру оның ішкі әлеуетін дамытуға бағытталған көпқырлы процесс болып табылады (Нысанбаев & Сыроежкин, 2015, 54). Мысал ретінде Шығыс елдеріндегі қазіргі бұқаралық мәдениетті қарастырайық. Батыс қоғамында бұқаралық мәдениеттің қалыптасуы нарықтық қатынастардың ықпалымен жүзеге асқан, оның негізгі мақсаты – пайда табу және коммерцияландыру. Осыған байланысты тауарлық мәдениет дәстүрлі мәдениеттен айтарлықтай ерекшеленеді, ал оның тұтынушылық сипатына сын тұрғысынан қарау бұл құбылысты толық мағынада мәдениет ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді (Алишеров & Төлен, 2024, 103). Дәстүрлі қазақ қоғамында мәдениет ешқашан тауарлық сипатта қабылданбаған, керісінше, ол ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған. Дәстүрлі қоғамда мәдениет қасиетті және киелі құбылыс ретінде қабылданған. Бұл көзқарас белгілі бір дәрежеде мифологиялық сипатқа ие болғанымен, ол қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік институттар арқылы жаңғыртылып отырады.

Батыстық бұқаралық мәдениет – негізінен тауарлық мәдениет, сондықтан ол таралу үдерісінде экономикалық пайда алуға бағытталған және коммерциялық тетіктер арқылы басқа елдерге белсенді түрде енгізіледі (Нысанбаев & Сыроежкин, 2015, 55). Сонымен қатар, батыстық бұқаралық мәдениеттің таралуының тағы бір маңызды факторы – адамдардың жаңашылдыққа ұмтылысы және сирек кездесетін мәдени элементтерге қызығушылығы. Бұл үрдіс сәндік сипатқа ие болып, мәдени алмасудың бір формасы ретінде көрініс табады.

Сондықтан бұқаралық мәдениеттің дамушы елдерге жедел енгізілуі заңды құбылыс болып табылады. Бұқаралық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері бар, олардың ішінде әмбебаптық және кең таралуға бейімделу қабілеті ерекше мәнге ие. Бұл қасиеттер жаһанданудың және қазіргі өркениеттер арасындағы тиімді диалогты қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Бұқаралық мәдениет әлем туралы ақпарат беріп, бізге бұрын түсініксіз немесе бөтен болып көрінетін өмір салтын таныстырады, сондай-ақ әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді. Оның мазмұны қарапайым әрі табиғи, алайда оның негізінен батыстық үлгілерге сүйенуі белгілі бір күмән тудырады. Дегенмен, жаһандану процесінің одан әрі дамуы бұл сипаттың біртіндеп әлсіреуіне алып келеді. Болашақта бұқаралық мәдениеттің туындыларында азиялық және шығыстық мәдени ерекшеліктердің кеңірек көрініс табуы ықтимал. Шығыстың рухани мәдениеті Батыс мәдениетінен кем түспейді, тіпті оның дүниетанымдық негізі мен әмбебаптық сипаты тұрғысынан алғанда, діни-философиялық ұғымдар аясында ерекше артықшылыққа ие болуы мүмкін. Бұл үрдіс Шығыс және Азия философиясына деген әлемдік қызығушылықтың артуымен байланысты (Омирзакова & Иманбекова, 2024, 93). Қазіргі кезеңде жаһандық қауымдастық үшін ортақ өмір сүру кеңістігін қабылдау және ұғыну мәселесі маңызды болып отыр, бұл мәдени өзара әрекеттестікті жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Батыс өркениетінің ықпалымен қалыптасқан қоршаған ортаға тұтынушылық көзқарас, өмірді сақтау мен технологиялық даму идеялары белгілі бір қауіптер тудыруы мүмкін. Бұл ұстаным табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалануға және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келеді. Ал Шығыс философиясының қағидаттары мұндай тұжырымдамаларды қолдамайды, керісінше, әрбір адамның өмір сүру құндылығы мен табиғатпен үйлесімділікті алдыңғы қатарға қояды. Осы тұрғыдан алғанда, зорлық-зомбылықтың жоқтығы экологиялық сананың негізгі ұстанымы ретінде қарастырылуы тиіс (Шайкемелев et al., 2022).

